**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2022ж 3 мамыр № 178

НҰР-СҰЛТАН қаласы город НУР-СУЛТАН

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған әдістемелік нұсқаулық;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарына орындау үшін жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аппаратының басшысы Қ. М. Сәрсембаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

**Министр** **А. Аймағамбетов**

009233